

**Назарбаев Зиткерлік мектебі
физика- математика бағыты жанындағы
оқушыларға арналған
«Қыздар әліппесі» ұлттық тәрбие
бағдарламасының жүйесі**



Бағдарламаның әдіснамалық негіздері:

- философиялық таным теориясы
- тәрбие жүйесінің теориясы
- этнопедагогика және этнопсихологияның негізгі қағидалары

Бағдарламаның негізгі мақсаты:

Ұлттық рухани байлықты жалпы адамзаттың мәдениетімен байланыстыру негізінде ұштастыру арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу және оқыту

“Қыздар әліппесі” бағдарламасының тұжырымдамасы

Бағдарлама:

Қазақстан Республикасының мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеу тұжырымдамасына;

Қазақстан Республикасының орта мектептерде жалпы білім беру тұжырымдамасына;

Қазақстан Республикасының білім беру туралы Заңына;

Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңына сүйене отырылып жасалды.

Бағдарлама міндеттерді:

- қоғамдық құбылыстарға тарихи және салыстырмалы талдау жасау қабілетін қалыптастыру;
- адам, қоғам, табиғат жайындағы ұғымдарды игеру арқылы өзін-өзі тәрбиелеу, өз тағдырын өзі шешу, өз ойын жүзеге асыру қабілеттерін дамыту;
- ата-бабаларымыздан сан ғасырлар бойы ұрпағына озық болған ақыл-кеңес, өсиеттерді, асыл мұрасы арқылы ұлттық рух, ұлттық мақтаныш, ұлттық намыс, ана тілі мен ұлттық мәдениетін құрметтеу сезімін жетілдіру;
- өз халқымыздың мәдени мұрасын таныту арқылы әлемдік мәдениетке жетелеу.

Бағдарламаның тууына негіздеме:

- Көп жылдардан бері жүргізілген мектептердегі саясаттандырудың әсерінен ұлттық тәлім-тәрбие шектелді;
- қазақ жастарының арасында адамгершілік қасиеттер жоғала бастады, басқа ұлттарға еліктеуі, өз тарихына, әдет-ғұрпына деген немқұрайлық туындады;
- осы негіздер бағдарламаның қазіргі кезеңдегі қажеттілігін тудырды.

Бағдарламаның мазмұны негізгі 6 бөлімнен тұрады:

“Бағыну Заңы”

“Тек тәрбиесі”

“Қара шаңырақ”

“Келін тәрбиесі”

“Неке тәрбиесі”

“Құрсақ тәрбиесі”

”БАҒЫНУ ЗАҢЫ”

Бөлімнің мақсаты:

“Бағыну Заңын” адамдардың өзара және табиғи ортамен қарым –қатынастарын реттейтін фактор жөнінде ұғыну.

Бөлімнің міндеттері:

- бұл заңның қоғамдағы және табиғи ортадағы адамдар қарым-қатынасының өлшемі екені туралы түсінік беру;
- адамдар бірлестіктері туралы, сол бірлестіктердің әлеуметтік заңдарының пайда болуы және қалыптасуы туралы түсінік беру;
- “Бағыну заңы ” туралы түсінік қалыптастыру;
- “Бағыну заңына ”сәйкес тәртіп машықтарын қалыптастыру;
- заңға бағыну талпынысын дамыту.

“ТЕК ТӘРБИЕСІ”

*“Байлықтан жиган не пайда
Артыңда ұрпақ қалмаса.....”*

Бөлімнің мақсаты:

Болашақ ұрпақтың толық қанды текті болып дамуы үшін және генетикалық фонды құру үшін “жеті ата” заңының мағынасын қыз баланың жетесіне жеткізу.

Бөлімнің міндеттері:

- жанұя, ру, жүз, мемлекет және олардың тарихи пайда болу процестерін түсіндіру;
- адамның таным әрекетінің әдісі ретінде дін туралы мағлұмат беру;
- қазақтың шығуы туралы түсінік беру;
- генетика, адам, тұлға, менталитет туралы ұғымдарды қалыптастыру;
- адамның, жанұяның даму жолдарына тарихи талдау беру, өз жанұясының шежіресін зерттеу қабілетін дамыту;
- әр тұлға өзін-өзі танып білуге ұмтылу ынтасын дамыту;
- әр кімнің өзін жеке, дара тұлға ретінде сезінуіне, ұғынуына жағдай туғызу.

“Қ А Р А Ш А Ң Ы Р А Қ”

*“Кәріліктен не пайда
Қартайып қызық көрмесең,
Асырап баққан ұл – қызың
Парызыңды өтеп бермесе.”*

Бөлімнің мақсаты:

Әулет орталығы қара шаңырақты қасиетті орда ретінде сақтауда кенже ұлдың (кенже келіннің) орны туралы ұғымдарын қалыптастыру.

Бөлімнің міндеттері:

- ата тек, ата мұра, мұрагерлік, ата кәсіп туралы түсінік беру;
- қара шаңырақ, жас отау, кенже ұл, жалғыз ұл түсініктерін қалыптастыру;
- отбасында ата дәстүрге қайшы келмейтіндей міндеттерді бөлісіп, оған қала өрениеті әсерінің нәтижесін көре білетіндей қабілеттерін қалыптастыру;
- өзін-өзі ұйымдастыру қабілетін дамыту.

“КЕЛІН ТӘРБИЕСІ”

*“Шалқытып шаңырағын тамашаның,
Бақытын отбасының жар ашады.”*

Бөлімнің мақсаты:

Келін тәрбиесі жалпы ұлт тәрбиесінің пәрменділігін арттыруда басты шарт болғандықтан оның ерекшеліктерін қыз бала бойына сіңіру.

Бөлімнің міндеттері:

- қазақ келінінің қайын жұртымен қарым-қатынасының ерекшеліктері, қыздың тұрмыс құруына байланысты қарым-қатынастары туралы мағлұмат беру;
- сырласа білу, жақындарына деген жылулық, үлкендер мен кішілерді құрметтеу, үй шаруашылығын ұйымдастыру және үй ішінің тазалығын сақтау әдеттерін қалыптастыру;
- өзіндік сезінуін, өзін-өзі тәрбиелеуге ынтасын дамыту.

“НЕКЕ ТӘРБИЕСІ”

*“Көргенде қайран ғап күйе үшін,
Бұл қыздар жаралған тек сүйе үшін.... ”*

Бөлімнің мақсаты:

Қазақ халқының отбасы мен неке қатынастары жөнінде қалыптасқан озық дәстүрлерін бүгінгі күн биігінен көрсете отырып, күнделікті өмірде пайдалануға үйрету.

Бөлімнің міндеттері:

- неке қатынасы және ерлі-зайыптылар міндеттерінің әлеуметтік, психологиялық, физиологиялық және рухани негізгі салаларынан түсінік беру;
- ер адаммен қарым –қатынасты қалыптастыру барысында қыздың өзін-өзі ұстай білуі маңызды орын алатыны туралы түсінік беру;
- қыз абройы, төсектегі жарастық этикасы, “бойжеткен”, “бозбала” деген түсініктерге анықтама беру;
- өз істеріне баға беру және жауапкершілікпен қарауға үйрету;
- өзіне өзі баға беру, өзін -өзі көрсете білу, өз орнын табу қабілеттерін дамыту.

“ҚҰРСАҚ ТӘРБИЕСІ”

*“Теңеген ұрпағын күн мен айға,
Аруға ана болу жарасады.....”*

Бөлімнің мақсаты:

Табиғаттың көбею және даму заңдылықтарын оқыту арқылы ана болуға психологиялық дайындық.

Бөлімнің міндеттері:

- ана болудың әлеуметтік, физиологиялық, рухани негіздері жөнінде түсінік беру;
- тірі табиғаттың көбею және даму заңдылықтары туралы түсінік беру;
- ұрпақтың рухани және тән денсаулығына, ананың жауапкершілігі жөнінде түсінік қалыптастыру;
- жеке басының тазалығы, денсаулығын сақтау және тәні мен жан жүйесін шынықтыруға үйрету;
- өзін -өзі бақылау, ішкі сезімдерін шектей білу қабілеттерін дамытуға талпындыру.

Ата салтым-асыл қазынам



Қыздың тамағы қылдай



Іс-шараға QR код форматын қолдану



Қыздар әліппесі бағдарламасын іске асыру ж о с п а р ы (жобаланған жоспар торы)

Бөлімдердің атаулары	Сыныптар					
	7	8	9	10	11	12
“Бағыну Заңы ”	8	6	6	6	6	4
“Тек тәрбиесі”	8	6	6	-	-	
“Қара шаңырақ”	5	7	-	-	-	4
“Келін тәрбиесі”	5	8		8	8	6
“Неке тәрбиесі”	8	7	8	8	-	
“Құрсақ тәрбиесі”	-	-	8	8	8	6
Барлығы	34	34	34	30	22	30

Бөлімдер	№	Мазмұны	Сағат саны	Мерзімі
I. Бағыну Заңы (6 сағат)	1	Бозбала, бойжеткен.	1	
	2	Қыз бейнесі, жігіт бейнесі.	1	
	3	Қыз бен жігіттің танысуы.	1	
	4	Өз - өзін қорғау шаралары.	1	
	5	«Парасатты Әйгерім» (кеш түрінде өтетін қорытынды сабақ)	2	
II. Тек тәрбиесі (7 сағат)	1	Қан тазалығы.	1	
	2	Ұрпақ ұлағаты	1	
	3	Аралас неке	1	
	4	Инцеста	1	
	5	Радиация.	1	
	6	Семей ядролық полигоны, оның әсері.	1	
	7	Қорытынды сабақ.	1	
III. Қара шаңырақ (4 сағат)	1	Қарыз бен парыз.	2	
	2	Қорытынды сабақ.	2	

IV. Келін тәрбиесі. (8 сағат)	1	қайын жұрт.	2	
	2	Жеңгетайлық	2	
	3	Төркін, төркіндету	2	
	4	Қорытынды сабақ	2	
V. Неке тәрбиесі. (14 сағат)	1	Бой жету	2	
	2	Әйел жынысының жаратылысы	2	
	3	Етеккірдің келуі	2	
	4	Дене дамуы және жыныстың жетілуі	2	
	5	Дене гигиенасы, жыныс мүшелерінің гигиенасы	2	
	6	Қимыл – қозғалыс және сымбат	2	
	7	«Жұбайлық өмірге дайындық дегенді қалай түсінем?» (шығарма жазып талдау түрінде өтетін қорытынды сабақ)	2	

Күтілетін нәтиже

- қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, әдебиеті, мәдениеті, қарым - қатынасы туралы ұғымы қалыптасқан;
- өз ағзасының биологиялық туралы түсінігі бар;
- жеке басының тазалығына, өзіне өзі баға беруге, жолдастарына баға беруге дағдыланған.
- өз халқымыздың мәдени мұрасын танып, әлемдік мәдениетті меңгеруге қызығулылығы оянған.